

# ШОБ субъектілерін тіркеу мен лицензияландыру

1. Лицензиялау мәселелері
2. Лицензиялар түрлері

**Лицензия** — «тиісті  
лицензиардың жеке немесе  
заңды тұлғаға қызметтің  
жекелеген түрімен  
айналысуға беретін рұқсаты».

**Лицензиар** — лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ал лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға **«лицензиат»** деп аталады.

**Лицензиялау** — лицензияларды беруге және қайта ресімдеуге, лицензиаттардың тиісті талаптарды сақтауын лицензиарлардың бақылауды жүзеге асыруына, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға және қайта бастауға, лицензиялардан айыруға байланысты іс-шаралар кешені;



# Лицензиялаудың негізгі принциптері

**1. Қызметтің жекелеген түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу ұлттық қауіпсіздік, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында белгіленеді.**

**2. Қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ҚР-ның заңдарында көзделген өнімге қойылатын талаптар, жекелеген өнім түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті түрде растау жөніндегі талаптар мемлекеттік әкімшілік ету мақсаттарына жету үшін жеткіліксіз болған жағдайларда белгіленеді.**

**3. Қызмет түрлері үшін белгіленген талаптарға жауап беретін барлық тұлғалар үшін лицензия беру тең негізде жүргізіледі;**



**4. «Лицензиялау туралы»  
заңда қызмет түрлерінің  
және қызметтің кіші  
түрлерінің егжей-тегжейлі  
тізбесі белгіленеді.**

**5. Біліктілік талаптарын, қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін және экспорты мен импорты лицензиялануға тиіс жекелеген тауарлар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілер осы актілер ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күндік мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.**

**6. Лицензия иеліктен шығарылмайды және оны лицензиат басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайды.**

**7. Лицензияның күші Қазақстан  
Республикасының заңдарында  
көзделген жағдайларды  
қоспағанда, Қазақстан  
Республикасының барлық  
аумағында қолданылады**

**8. Бірыңғай технологиялық процеске кіретін және қызмет түрін жүзеге асырудың қажетті элементі болып табылатын қызмет түрлері лицензиялануға тиіс емес.**

*ҚР Үкіметінің 2007 жылдың 13 маусымындағы «Өндірілуі, өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, сатылуы, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялануға тиіс улардың тізбесін бекіту туралы» № 493 қаулысын қараған дұрыс, яғни бұл улар және удың 103 түрі лицензияланады!!!*

*ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 10 тамыздағы №686 қаулысымен бекітілген «Құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі қызметті қоспағанда, күзет дабылы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі» қызметті лицензиялауды жүзеге асыратын орган ҚРІІМ лицензиялар беру жөніндегі уәкілетті орталық атқарушы орган болып табылады.*

*Біліктілік талаптары* — өтініш берушінің жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы.





**Біліктілік талаптар заңды  
тұлғалар үшін**

**- ұйым басшысының жұмыстың осы бейініне сәйкес келетін жоғары білімі**

**- радиожелілік спектрі бар күзет дабылы жүйелерін монтаждау және пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдары қорытындысы**

**- күзет дабылы құралдарын монтаждау, ретке келтіру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындаушының жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсаты**

**- санитарлық және экологиялық нормаларға жауап беретін үй-жайдың, күзет дабылы құралдарын ретке келтіруді, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтың болуы**



**Біліктілік талаптары жеке  
тұлғалар үшін**

- 1) жұмыстың осы бейініне сәйкес келетін жоғары немесе орта арнайы білімі;
- 2) өтініш берушінің жоғары кернеулі жұмыстарға рұқсаты;
- 3) радиожелілік спектрі бар күзет дабылы жүйелерін монтаждау және пайдалану кезінде санитарлық және экологиялық қадағалау органдары қорытындысы;
- 4) санитарлық және экологиялық нормаларға жауап беретін үй-жайдың, күзет дабылы құралдарын ретке келтіру, техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға арналған жабдықтың болуы.



***<http://www.elicense.kz>***



***CALL***



# Лицензиялар түрлері

**Субъектілер  
бойынша**

```
graph LR; A[Субъектілер бойынша] --> B[жеке тұлғаларға берілетін]; A --> C[заңды тұлғаларға берілетін]; A --> D[шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға берілетін];
```

**жеке тұлғаларға берілетін**

**заңды тұлғаларға берілетін**

**шетелдіктерге, азаматтығы  
жоқ адамдарға, шетелдік  
заңды тұлғаларға және  
халықаралық ұйымдарға  
берілетін**




**Қызмет  
көлемі  
бойынша**

**бас лицензия** — қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға қолданыс мерзімі шектеусіз берілетін

**біржолғы лицензия** — рұқсат етілген мерзім, көлем, салмақ немесе саны шегінде жекелеген қызмет түрімен айналысуға берілетін

**операциялық лицензия** – банк қызметінде жекелеген операциялармен айналысуға, сақтандыру қызметінде сыныптарды иеленуге берілетін



**Экспорт пен импорт  
саласындағы лицензия  
түрлері**

**Бас лицензия** — кеден одағына мүше мемлекеттің шешімі негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және лицензияда айқындалған санымен жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия

Егер Кеден одағы комиссиясының шешімінде өзгеше жазылмаса, бас лицензияның қолданыс мерзімі ол қолданыла бастаған күннен бастап **бір жылдан** аспауға тиіс, ал сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін квота белгіленген **күнтізбелік** жылда аяқталады

**Ерекше лицензия** — сыртқы сауда қызметіне қатысушыға жекелеген тауар түрінің экспортына және импортына ерекше құқық беретін лицензия

Ерекше лицензияның қолданыс мерзімі әрбір нақты жағдайда Кеден одағы комиссиясының шешімімен белгіленеді. Бас және ерекше лицензиялардың иелері лицензияның орындалу барысы туралы **тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне** дейін уәкілеті органға есеп беруге міндетті.

**Біржолғы лицензия** — сыртқы сауда шарты (келісімшарты) негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және белгілі бір санымен лицензияланатын тауардың экспортына және (немесе) импортына құқық беретін лицензия

Біржолғы лицензияның қолданыс кезеңі оның қолданыла бастаған күнінен бастап бір жылдан аспауға тиіс. Біржолғы лицензияның қолданыс мерзімі сыртқы сауда шартының (келісім-шартының) қолданыс мерзімімен немесе лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттың қолданыс мерзімімен шектелуі мүмкін. Сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін лицензияның қолданыс кезеңі квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады

**Лицензиар** жүзеге асырады

Біржолғы лицензиялардың иелері лицензияның қолданыс мерзімі өтісімен күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органға лицензияның орындалуы туралы анықтама беруге міндетті

# Қызметтің кіші түрі бойынша қажетті құжаттар:

1. Жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмелері;
2. жеке тұлға үшін — жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. жеке кәсіпкер үшін — өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
4. өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің көшірмесі;
5. қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
6. біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

# Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алуға қажетті құжаттар

1) өтініш;

2) лицензияның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

3) қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар (қызмет түріне қарай).

Лицензияны (лицензияға  
қосымшаны) беруден бас  
тартылуы мүмкін.



**1) Қазақстан Республикасының  
заңдарында субъектілердің осы  
санаты үшін қызметтің жекелеген  
түрімен айналысуға тыйым  
салынған;**



**2) Заңға сәйкес талап етілетін  
барлық құжаттар ұсынылмаған.**


**3) қызмет түріне лицензия беруге  
өтініш берілген жағдайда  
қызметтің жекелеген түрлерімен  
айналысу құқығы үшін  
лицензиялық алым енгізілмеген**



**4) өтініш беруші біліктілік  
талаптарына сай келмеген**

**5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған**

**б) сот орындаушысының ұсынуы  
негізінде сот өтініш берушіге  
лицензия алуға ТЫЙЫМ салған  
жағдайларда**



**Лицензияға қосымшаларды  
берген кезде лицензиялық  
алым алынбайды.**

*2001 жылғы 30 қаңтардағы  
№155-ІІ Әкімшілік құқық  
бұзушылық туралы Қазақстан  
Республикасының кодексі және  
1997 жылғы 16 шілдедегі №167-І  
Қазақстан Республикасының  
Қылмыстық кодексі*



Қазақстан Республикасының  
Қылмыстық кодексіне сәйкес:  
«190-бап. *Заңсыз кәсіпкерлік.*